«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

«АНА МЕН БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ; ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ СЕМИНАРЫ»

2021 жылға «Жергілікті әйелдер кеңестері жұмыс дамыту және отбасы мен неке құндылықтарын насихаттау бағытында шараларды ұйымдастыру қызмет» әлеуметтік жобасы аясында Қазалы ішкі саясат бөлімінің қолдауымен, «Қазалы аудандық әйелдер кеңесі», «Қазақстан Жастары» қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастыруыменен

«АНА МЕН БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ; ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» атты СЕМИНАР ауылшаруашылық саласының ардагері, Қазалы ауданының «Құрметті Азаматы», аудандық алқабилер кеңесінің мүшесі, кәсіпқойемес медиатор Әбсұлтанов Байғабыл, психолог Айгүл Тілеумбетованың қатысуыменен «Zoom» платформасы арқылы өткізілді. Қазалы ауданындағы үлгілі отбасындағы жас келіндер мен қыздарға «Қазақстан жастары» қоғамдық қорының дайындаған ерекше сыйлықтары табыс етілді.

Семинар барысында ана мен бала құқықтарының, зорлық- зомбылық көріністерінің медиация жолымен шешілуі, зорлық-зомбылық көрген азаматшалардың психологиялық көмек алуы жайында кең көлемде әңгіме өрбіді. Семинарға қатысқан азаматтар қонақтарға сұрақтар қойып, тұщымды жауаптарын алды.

«QAZAQSTAN JASTARY»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН «АНА МЕН БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ СЕМИНАРЫ» ФОТОСУРЕТТЕРІ



«QAZAQSTAN JASTARY»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН ІС-ШАРА ШЫҒЫНДАРЫ

Р/С	Іс – шара атауы	Алынған заттар тізімі	Шығыны
1	«Ана мен бала құқығын қорғау; зорлық-зомбылықтың алдын алу семинары»	1. Үтік 2. гладильная доска	**57 000 тг** **83 000 тг**
2	«Елге қызмет – мерейлі міндет»	-	-
3	Айлық жалақы Жоба үйлестіруші	*1.* Айлық жалақы *2.* Тамыз	**50 000 тг**
БАРЛЫҒЫ: 190 000 тг			

«QAZAQSTAN JASTARY»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ»

2021 жылға «Жергілікті әйелдер кеңестері жұмыс дамыту және отбасы мен неке құндылықтарын насихаттау бағытында шараларды ұйымдастыру қызмет» әлеуметтік жобасы аясында Қазалы ішкі саясат бөлімінің қолдауымен, «Қазалы аудандық әйелдер кеңесі», «Қазақстан Жастары» қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастыруыменен «ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ» атты әр салада қызмет атқарған ардагер аналармен жас отбасы мүшелерінің кездесуі «Zoom» платформасы арқылы өткізілді.

Кездесу кешін Қазалы ауданы әйелдер кеңесінің төрайымы Роза Шорақызы ашып, жүргізіп отырды. Кеш қонақтары күрішші, КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, «Қазалы ауданының құрметті азаматы» Ажаркүл Сейділдақызы Алдажарова, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, ардагер ұстаз, ауылдық әйелдер кеңесін жарты ғасырға жуық басқарған, Бекарыстан би округі, әйелдер кеңесінің төрайымы Құралай Бекжанова, 1981-1984 жылдар аралығында Қазалы аудандық комсомол комитетінің I хатшысы қызметін атқарған, балабақша, мектеп, музей басшысы болып ұзақ жылдар қызмет атқарған Қазалы қалалық әйелдер кеңесінің төрайымы Данагүл Рахманбердіқызы Сабырбаева қатысты.

Ардагер аналар жас отбасы мүшелеріне өз өміржолдарынан естеліктер айтып, отбасы, қызмет және қоғамдық жұмыстарды үйлестіре атқарғандарын әңгімелеп берді.

Елбасымыздың әйелдер қауымына айтқан: «Өмірде жаны нәзік, көңілі биік, ал істе – мығым – әйелдерсіз бұл қоғамды көзге елестету мүмкін емес» деген орынды сөзі өмірден алынғаны ол әрине шындық. Бүгінгі кездесуіміздің мәні де сол, еңбекпен отбасын қатар алып жүріп, өмірден өз орнын тауып, бүгінде сол бейнеттің зейнетін көріп отырған апаларымызбен сұқбаттасып, жас отбасы мүшелері көкейлеріндегі сұрақтарына өздеріне қажетті жауаптарын алды.

Адам бойындағы барлық жақсы қасиет күннің нұрынан, ананың сүтінен дарыған десек, осы бір асыл сөздер бүгінгі біздің қонақтарымызға ғана арналғандай. Сіздердің жолдарыңызды кейінгі жастарға нәсіп етсін! Соңдарыңыздан ерген сіңлі-қыздарыңыз тек өздеріңіздей күрескер, қайсар, білікті, білімді болсын деген тілек айтамын. Әрқайсыңыздың жолдарыңыз дара жол. Осы дара жолдағы ғұмырларыңыз ұзақ, дендеріңіз сау болсын! Отбастарыңыз аман болып, ұрпақтарыңызбен мың жасаңыздар- деп кеңес төрайымы Роза Шорақызы кездесуді қорытындылады.

«QAZAQSTAN JASTARY»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА, ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН «ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ» ФОТОСУРЕТТЕРІ

«QAZAQSTAN JASTARY»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **А.ХАЙБУЛИНА**